



ФИЛИП МОРРИС КАЗАҚСТАН ЖШС
ТОО ФИЛИП МОРРИС КАЗАҚСТАН

Тұрақты даму туралы есеп

«Филип Моррис Қазақстан» ЖШС

Қыркүйек, 2018

Мазмұны

ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

| | |
|-----------------------------------|----|
| Компания туралы ақпарат | 3 |
| БҰҰ тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) | 5 |
| Жаһандық бизнес стратегиясы | 7 |
| Жеткізу тізбегі | 11 |
| Іскерлік этика | 13 |

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

| | |
|--|----|
| Қызметкерлер құрамының құрылымы | 15 |
| Жұмыскерлер құқықтары | 17 |
| Еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік пакет | 19 |
| Бағалау және ілгері жылжыту | 21 |
| Жұмыскерлердің денсаулығы және әл-ауқаты | 22 |

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

| | |
|--|----|
| Энергиялық ресурстарды тиімді пайдалану және шығарындыларды азайту | 23 |
| Қалдықтарды басқару | 26 |
| Жасыл кеңсе | 27 |
| Экология саласындағы мәдениет | 28 |
| Еңбек қауіпсіздігі | 29 |

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

| | |
|--|----|
| Ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасы | 33 |
| Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсету | 35 |
| Ауылдық жерлердегі білім беру жобалары | 37 |
| Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қолдау | 41 |
| Компания қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін жобалар | 42 |



Құрметті оқырман!

Сіздің назарыңызға компания қызметінің маңызды элеуметтік аспектілері және болашақтағы даму жоспары жөнінде Филип Моррис Қазақстанның тұрақты дамуы туралы мүмкіндігінше жан-жақты және ашық айтуға тырысқан алғашқы есебін ұсынып отырмыз. Тұрақты даму туралы есеп - біз үшін қоғаммен диалогымыздың және өзіміздің ақпараттық ашықтығымыздың жоғарылатудың маңызды элементтерінің бірі. Сондай-ақ, бұл қызметімізді сырттан бақылап, оның тиімділігін қалай көтеруге болатынын түсінуге көмектеседі.

Біздің қоғам үшін жасай алатын үлкен үлесіміз – темекіні зияндылығы азырақ баламаға ауыстыру және қазіргі таңда **компаниямыз темекі түтінінсіз болашақ** деген өршіл мақсатын жүзеге асыра отырып, революциялық өзгеріс жолына қадам басты.

10 жылдан астам уақыт бұрын Филип Моррис Интернэшнл қауіп-қатері төмендетілген өнімді жасап бастаған және қазір кәмелетке толған шылым шегушілердің қажеттіліктеріне сай келетін, шылым шегуге қарағанда денсаулыққа залалы төмен өнім ұсынамыз.

Сондай өнімдердің бірі – IQOS темекі қыздыру жүйесі. Бұл, Қазақстанды қоса алғанда, әлемнің 42 елінде әлдеқашан қол жетімді. Күн сайын, дүние жүзінде 10 000 астам шылым шегуші темекіден IQOS-қа ауысуда.

Темекі түтінінсіз болашаққа жалғыз жете алмайтынымыз анық, осы орайда мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау ұйымдары зияндылығы азырақ балама өнімге жаппай ауысуды дәріптеуде ықпал етеді деп үміттенеміз.

Мұндай қадам қысқа мерзімде темекі тарту зияндылығын барынша төмендетуге ықпал ететініне сенімдіміз.

Біз БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына жетуге шынайы ұмтыламыз және Қазақстандағы бизнесіміздің барлық бағыты бойынша алдымызға өршіл міндеттер қойып отырмыз. **Қоршаған ортаға әсерінің төмендеуіне** қатысты айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік және ауқымды жобаларды жүзеге асырдық. 2017 жылы Алматы облысындағы фабрика дизель жанармайын тиімді алмастырған табиғи газ -дың орталық желісіне қосылған болатын, соның нәтижесінде парниктік газ шығарындыларын кеміттік. 2013 жылмен салыстырғанда, өндірістік қызметтің салдарынан бөлінетін көміртегі шығарындылары 43%-ға төмендетілді. Қалдықтарды қайта өндеуге қатысты елеулі прогресске қол жеткіздік: фабриканың 88,6% қалдығы одан әрі қайта өндеуге жұмсалады.

Компанияның басты активі - **қызметкерлеріміз**. Біз жұмыс пен өмір үшін сапалы жағдай жасауды, жұмыскерлердің және олардың отбасыларының нақты элеуметтік мәселелерін шешуді көздейміз. Біз үшін жұмыс жағдайлары олардың кәсіби өсуіне және дамуына ықпал етуі маңызды, сонымен қатар әр жұмыскердің пікірі

құрметпен қаралып, назарға алынады. Компания жұмыскерлердің қабілет-қарымын ашып, кейінгі мансаптық өсуіне себепкер бола отырып, Филип Моррис Интернэшнл қызметі таныстырылған өзге елдерде іскерлік тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Тек соңғы екі жылда Қазақстанның 37 жұмыскері халықаралық лауазымдарға тағайындалды.

Ауылды жердегі тұрғындар үшін білім беруді қолдауға және экономикалық өсулері үшін тиісті жағдай жасауға бағытталған **элеуметтік жобаларға** баса көңіл бөлінеді. Осы мақсаттарға 2017 жылы біздің тарапымыздан 192 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалды.

Алғашқы есебіміз компания туралы қажетті ақпарат алуға мүмкіндік беріп, тұрақты даму мақсаттарын орындауға атсалысады деп үміттенемін. Біз барынша ашықтықты қамтамасыз етуге ұмтыламыз және диалогқа әрқашан дайынбыз.

Айбат Ахметалимов

Басқарушы директор



Филип Моррис Интернэшнл туралы ақпарат

Филип Моррис Интернэшнл (ФМИ) — өнімі әлемнің 180 елінде сатылатын, жетекші халықаралық темекі компаниясы. Компанияның жаһандық міндеті - барлық кәметке толған шылым шегушілерге әдеттегі темекіден гөрі денсаулыққа зияны аз өнімге ауысуды ұсыну. Компания шылым шегуге байланысты аурулардың туындау қауіптілігін айтарлықтай төмендету мүмкіндігіне ие инновацияларды жасау үшін қомақты қаражат бөледі.

2017 жылы компанияға, ҚХР және АҚШ елдерін есептегенде, әлемдік темекі нарығының шамамен 28% тиесілі болған. ФМИ әлемдегі ең сатылымды халықаралық Marlboro маркасы және танымалдығы бойынша үшінші болып келетін L&M маркасы бастаған сауда маркаларының мықты және түрлі ассортиментіне ие. Әлемдегі 15 танымал халықаралық темекі маркасының 6-ы компанияға тиесілі және өз өнімдерінің мінсіз жоғары сапасын мақтан етеді.

Филип Моррис Қазақстанда

\$468 млн

Бүгінгі таңда Қазақстандағы инвестиция көлемі

67,4 млрд тг

2017 жылы төленген салық

790 астам

Қазақстандағы жұмыскерлер саны

2 млрд

2017 жылы экспортқа шығарылған темекі көлемі

Филип Моррис Қазақстан - толық өндіріс циклы қамтылған және Қазақстанның орасан зор қалаларында алты аймақтық кеңсесі бар заманауи темекі фабрикасы. Фабрикада өнімдер кеміне 250 параметрде негізделген тұрақты сапа бақылауынан өтіп тұрады. Бұл Қазақстан фабрикасында өндірілген сигареттердің ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетініне кепілдік береді.

Компания Алматы облысындағы жүйе құраушы кәсіпорын болып келеді және Қазақстандағы ірі салық төлеушілердің алғашқы ондығына кіреді.

2016 жылы тәуекелі төмендетілген өнімдерінің («ТТӨ»)¹ бірі IQOS бренді Қазақстан нарығына шығарылды.

¹ Тәуекелі төмендетілген өнімдер («ТТӨ») – бұл әдеттегі сигареттерді шегумен салыстырғанда тұрғындар үшін жеке қауіптілігі мен зияндылығын төмендету әлеуеті бар өнімдерді белгілеу үшін компания пайдаланатын термин.

БҰҰ тұрақты даму мақсаттары (ТДМ)

Біз тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруды көздейміз және тұрақты даму саласында өршіл мақсат қойып отырмыз. Қазіргі таңда айтарлықтай жетістікке жеттік. ФМИ жеткізу тізбегінен бастап, өндіріс, темекі өнімдерінің дистрибуциясымен аяқталатын, қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін төмендету бойынша халықтың тұтыну тауарларын өндіретін компаниялар арасындағы көшбасшылар қатарына кіреді.



Сигареттерді шегу - қауіпті аурулардың дамуының себебі. ФМИ өзінің әлеуметтік жауапкершілік саласында жасай алатын ең үлкен үлесі темекі тартудың денсаулыққа келтіретін зиянын төмендету деп есептейді. Бар күш-жігерімізді негізгі өнімдерімізге біріктірдік және бір күні сигареттерді шегумен байланысты залалдан толығымен арылу үшін сигареттердің қауіпсіз баламасын ұсынғымыз келеді.



Климаты өзгеріп жатқан әлемде қоршаған ортаға қамқорлық көрсету - біздің қызметкерлер мен серіктестеріміздің маңызды міндеті. ФМИ мақсаты - парниктік газ шығарындыларын, суды тұтыну және қалдықтардың пайда болу көрсеткіштерін төмендету, энергетикалық тиімділікті арттыру және логистиканы оңтайландыру арқылы қоршаған ортаға тигізетін әсерді барынша азайту.



Адам құқықтарын қорғау - бизнес жүргізудегі шешуші қағидаттарымыздың бірі. Біз ұзақ уақыт бойы адам құқықтарын және еңбек құқықтарын сақтау қағидаттарына толығымен сәйкес келу мақсатында өзіміздің өнім жасау және маркетинг, іскерлік этика қағидаттарын және жеткізушілермен қарым-қатынасты сақтау сияқты салалардағы ішкі саясатымыз бен бағдарламаларымызды атқарып келеміз.



Жергілікті қоғамдастық деңгейіндегі мұқтаждарға көмек көрсету біз бизнес жүргізетін барлық елде ортақ құндылықтар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жергілікті деңгейде көрсететін қолдауымыз жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктеріне байланысты болады. Біздің бағдарламалар, ең алдымен, ауылдық жерде сапалы білім, кәсіптік оқыту, экономикалық мүмкіндіктердің кеңеюіне қол жетімділікті қамтиды. Қазақстандағы ірі халықаралық инвесторлардың бірі бола тұра, біз қоғамның




маңызды әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған белсенді қайырымдылық қызметін жүргіземіз. Сонымен қатар, қызметкерлеріміздің көптеген әлеуметтік мәселелерін шешуге жекелей қатысу ынталарын қолдаймыз. Әдеттегідей, біздің корпоративтік волонтерлік жобалар ҰОС ардагерлеріне көмек көрсетуде, қажеттіліктері ерекше адамдар мен экологияны қорғауға бағытталған.



Сигареттер — әлемдегі заңсыз өнімдердің кең таралған түрлерінің бірі. Біз, өзіміздің бизнесімізді қоса алғанда, экономика және бизнесті дамыту үшін кедергі тудыратын осы мәселені шешу үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес серіктестермен жұмыс істейміз.



Жаһандық бизнес стратегиясы



Біз аңызға айналған халықаралық сауда маркасымен сигарет өндіретін әлемдегі ең табысты темекі компаниясын құрдық. Енді маңызды шешім қабылдайтын уақыт келді. Біздің компания темекі индустриясының әлемдік көшбасшысынан гөрі аса үлкенірек болады. Компаниямыздың болашағы темекі тартудың үздік баламасын ұсынатын, түтінсіз темекі өнімдерін жасап шығаруды көздейді. Бәріміз ФМИ-де жұмыс істей отырып, осы өнімдердің бір күні дәстүрлі сигареттерді алмастыратынына сенімдіміз.

Бизнесі дамытудың жаңа бағыты қоғам мен компания мүдделеріне сай келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сарапшыларының бағасы бойынша, көз жетерлік болашақта әлемде бір миллиардтан астам шылым шегуші болады. Темекі шегетін ерлер мен әйелдерді не мазалайтынын түсінеміз. Олар темекі тартудан зияндылығы азырақ балама табуға ұмтылады. Оларға сондай таңдауды ұсыну үшін жұмыс істеудеміз.

Соңғы он жылда ФМИ қыздырылатын темекі өнімдері мен құрамында темекі жоқ өнімдерден тұратын түтінсіз өнім ассортиментін әзірлеуге, ғылыми зерттеулерді жүргізу мен жасап шығаруға 4,5 млрд АҚШ доллардан астам қаржы салған.

5,6 миллионнан астам кәмелетке толған шылым шегушілер темекі тартуды тастап, IQOS-ты (42 елде қол жетімді біздің алғашқы түтінсіз өнім) пайдалана бастады, бұл - тек басы ғана. Біз өзіміздің түтінсіз өнімдерімізді басқа да аймақтағы кәмелетке толған шылым шегушілерге ұсынуға ұмтыламыз. Сонымен қатар, жаңа өнімдеріміздің қауіптілігін төмендету ықтималдығын анықтау үшін ғылыми зерттеулер жүргізуді жалғастырудамыз.

Зерттеулер мен әзірлемелер туралы қысқаша ақпарат²

IQOS — бұл темекіні жанусыз, тек қыздыру процесі нәтижесінде «темекі буы» (аэрозоль) түзілетін инновациялық өнім. IQOS темекіні қыздыру жүйесін пайдалану барысында жану процесі болмағандықтан, күл пайда болмайды, сөйтіп сигареттермен салыстырғанда азырақ иіс шығады.

Зерттеулер анықтағандай, никотинмен³ қатар темекі түтіні мыңдаған басқа заттарға ие, оның көбі өте зиянды болып келеді. Жану процесін жойған жағдайда темекі тарту зияндылығын айтарлықтай төмендетуге болады. Осыны IQOS-та пайдаланылатын технология аясында жасау сәтті жүзеге асты. Темекі таяқшаларындағы темекі 350°C-тан төмен температураға дейін қызады, бұл жанатын темекідегі (900°C-қа дейінгі) температурадан айтарлықтай төмен. Бұл температура темекінің дәмі мен жұпар иісін ашуға және де жану процесінсіз-ақ никотинді алуға жеткілікті.



2009 жылы Швейцарияның Невшатель қаласында компанияның ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.



Зерттеу және әзірлеме саласындағы 400-ден астам ғалым, инженер мен басқа да мамандар Швейцария мен Сингапурдегі ғылыми-зерттеу орталықтарында жұмыс істейді.



Инновациялық өнімді құрастыру барысында материалтану мен тұрмыстық электроникадан бастап клиникалық медицина мен жүйелік токсикологияға дейін 30 ғылыми және техникалық пәндер қолданылған.

² Біздің ғылыми зерттеулер жайлы толығырақ www.PMIScience.com сайтынан біле аласыз.



³ Никотин — бұл алқа тұқымдас өсімдіктерінің тамырларында және жапырақтарында жиналатын алкалоид. Никотин қызанақ және картоп жапырақтарында бар. Бірақ ең көп шоғырлануы темекіде болады. Сергіту әсерін тудыратын никотин адамды өзіне мыңдаған жылдар бұрын тартқан. Темекіні иіскеп және шайнап та көрген, дегенмен сол кезде никотинді шығарудың ең тиімді жолы болып құрғақ жапырақтарды жағу танылған – осылайша темекі тарту пайда болды.

ФМИ-дің Ғылыми зерттеулерге қатысты көпдеңгейлі амал-тәсілдері:

- Көп жылдар бойы фармацевтикалық салада қолданылатын практикаға, сондай-ақ қауіптілік деңгейі өзгертілген темекі өнімдері бойынша FDA әдістемелік нұсқаулықтар Жобасын қоса алғанда, АҚШ Азық-түлік және дәрілік препараттардың сапасын бақылау жөніндегі басқармасының (U.S. FDA) әдістемелік нұсқаулықтарына негізделген;
- Тиісті зертханалық практика ережесі (GLP) және Тиісті клиникалық практика ережесі (GCP) сияқты халықаралық стандарттарды сақтау арқылы жүзеге асырылады;
- ТТӨ-ге қатысты 250-ден астам мақала халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған. Біздің ғылыми зерттеулер туралы толығырақ ақпаратты www.PMIscience.com сайтынан білуге болады;
- ТТӨ-ге қатысты 2 900 астам патент алынған;
- ТТӨ-ге қатысты жаңа әзірлемелерге 4 600 астам патенттік сұраныс патенттік бюрода қарастырылуда.

 **250-ден астам**
мақала жарияланған

 **2900-ден астам**
патент алынған



Жеткізу тізбегі

Біз компанияның заңдылық пен адалдық стандарттарын, тұрақты даму қағидаларын ұстанатын жеткізушілер және өндірушілермен ғана бизнес жүргіземіз. Жаңа жеткізушіні таңдау және қайта бағалауды жүргізе отырып, серіктестеріміз біздің компанияның жұмыс қағидаларын қаншалықты түсініп, басшылыққа алатындарын тексереміз, біздің стандарттардан ауытқыған жұмыс әдістерін анықтаймыз.

Біз жеткізу жүйесіндегі балалар еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдалану қауіптілігін, еңбек қарым-қатынасы саласындағы басқа да бұзушылықтарды жоюға ұмтыламыз.

Біздің компания еңбек, өнеркәсіп және экологиялық қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға баса көңіл бөледі. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша ішкі шаралармен қатар, аймақтағы фабрикалар мен кеңселерде қызмет

көрсететін және жұмыстарды орындайтын жеткізушілер Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау саласындағы заңнамасын және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауларын қадағалаймыз.

Өндірістік материалдарын сатып алуда жергілікті жеткізушілердің үлесі сондай сатып алудың жалпы көлемінде ақшалай өрнекте 20%-ды құрайды. Жергілікті жеткізушілер біздің өндірісті этикет-қорап (темекі қорабының орамы) және гофрақорап сияқты материалдармен қамсыздандырады. Қазақстандағы өндірістік емес тауарларды сатып алудың жалпы көлеміндегі компанияның осындай сатып алуды локализациялауы ақшалай баламада 45%-ды құрайды, ал жергілікті жеткізушілердің жалпы саны 300-ден асады.

45%

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТАУАРЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ КОМПАНИЯ САТЫП АЛУЛАРЫН ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУДЫҢ АҚШАЛАЙ БАЛАМАСЫНЫҢ ПАЙЫЗЫ

300

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ



Іскерлік этика

Жауапты маркетинг және сатылымдар

Біздің брендтер әлемдегі ең құнды брендтер қатарына кіреді. Жұмыстың шығармашылық және инновациялық әдістерін пайдалана отырып, брендтер құндылығын дамытамыз және қолдаймыз. Темекі өнімдері тұтынушылар үшін қауіпті екенін білеміз, сондықтан өнімдеріміздің сатылу және маркетинг мәселелеріне жауапкершілікпен қараймыз. Темекі өнімдерін тек кәметке толған шылым шегушілерге сатамыз. Ал маркетинг және сатуды ұйымдастыруға байланысты шараларды кәметке толмағандарға немесе темекі тартпайтындарға бағыттамаймыз⁴. Біз темекі өнімдерін тұтынуға байланысты денсаулыққа зиянды әсері туралы тұтынушылар-

ды ескертеміз. Тұтыну орамында темекіні тұтыну зияндылығы туралы ескерту бар. Маркетинг адал, нақты және ашық болуы тиіс.

Заң мен өзіміздің жоғары стандарттарымызды құрметтейміз. Біз үнемі заң аясында ғана әрекет етеміз және өзіміздің ішкі ережелерімізді, қолданыстағы заңнамадан қатал болса да, қолданамыз. Маркетингтік немесе сатылым қызметі барысында үшінші тараптармен бірлесе отырып, олардың жүріс-тұрысы құндылықтарымызға қауіп төндірмейтіндерін және ережелерді бұзбайтындарын қадағалаймыз.



Парақорлық және жемқорлыққа қарсы әрекет

Парақорлық — ФМИ үшін өрескел, себебі заң үстемдігін бұзады және қоғамға зиян келтіреді. Біз осы көзқарасты үнемі және бұлжытпай ұстанамыз. Осындай өрескел жолдардан аулақ болып, нәтижесінде бизнес-мақсаттарымызға жетеміз деп есептейміз. Біз ешқашан ешкімге пара ұсынбаймыз және бермейміз де, ешкімге біздің компаниямыздың атынан пара беруге рұқсат етпейміз.

Біз, яғни оны алатын тұлғаның кәсіби әрекетіне немесе шешіміне әсер етуге талпыныс ретінде көрінетін кез келген сыйлық немесе қызмет ұсынуда жақсы ойланып қараймыз. Компания осы тақырып бойынша жұмыскерлердің мерзімдік оқытуларын жүргізеді.

⁴ Компанияның тұтынушылармен өзара әрекеттесу жөніндегі қызметі — мысалы, тікелей қарым-қатынас – жас мөлшері мен дәрежесі расталған кәметке толған шылым шегушілерге қатысты ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Заңсыз темекі өнімдерін сатуға қарсы әрекет

Сигареттер — әлемдегі заңсыз өнімдердің ең кеңінен таралған түрлерінің бірі. ДДҰ мәліметтері бойынша, әлемдегі темекі өнімдері көлемінің шамамен 10-12% пайызы заңсыз және мемлекеттерді жылына 40-50 млрд АҚШ доллар сомасындағы салық түсімдерінен айырады.

A.C. Nielsen компаниясы өткізген зерттеулердің мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы Қазақстанда заңсыз темекі өнімдерінің нарықтағы үлесі 1,9%-ды құрады. Бұл мәселе елдің экономикасы, қоғам және бизнес үшін қауіп төндіреді. Мемлекеттік бюджет үшін осы шығындармен қатар сигареттердің көлеңкелі нарығы ұйымдастырылған қылмысты қаржыландыру көзі болуы ықтимал. Заңсыз темекі өнімдерін сатуды жою — біздің басты стратегияларымыздың бірі.



2016 жылы ФМИ заңсыз сатылыммен күресу бойынша жобаларды әзірлеу және жүзеге асыруда мемлекеттік, жеке және үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен PMI IMPACT жаһандық бастамасын іске қосты. Жобаларға зерттеу және заңсыз сауданы анықтау шаралары сияқты түрлі бастамалар кіреді, олар темекі өнімдерінің және заңсыз өнімдердің басқа да түрлерінің заңсыз саудасына қарсы әрекет етуге бағытталуы мүмкін. Жобалық ұсыныстарды жобаларды жүзеге асыру кезеңінде олардың озықтығы мен нәтижесін қадағалайтын сыртқы тәуелсіз сараптамалық кеңес бағалайды.

Адам құқықтары



Компаниямыздың басты құндылығы - біздің жұмыскерлеріміз. Қызметкерлер құрамының саны шамамен 800 штаттық жұмыскерді құрайды. Сонымен қатар, біздің жұмыскерлердің жартысы – арнайы мамандар ● (53%), шамамен үштен бір бөлігі (34%) жалпы деңгейдегі жұмыскерлер●, 13% - орта және жоғары буынды басшылар●●.

«Арнайы мамандар» санатында, жалпы деңгейдегі жұмыскерлер арасында және орта буынды басшылар арасында ерлер саны басым келеді. Алайда, жоғары буын басшылары арасында әйелдердің үлесі басым (64%). Үздік жұмыс берушілер институтының (Top Employer Institute⁵) бағасы бойынша, біздің компаниямыз Қазақстанда үш дүркін – 2016, 2017 және 2018 жылдары – еліміздің ең үздік жұмыс берушілерінің бірі деп танылған және Top Employer сертификатымен марапатталған.

ФМҚ өз жұмыскерлеріне ұйымның барлық деңгейінде кәсіби өсуге ықпал ететін жақсы жағдай ұсынады.



ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ САНАТЫ ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛУ



⁵ Top Employer Institute – қызметкерлер құрамын басқару саласындағы жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес баға жүргізетін халықаралық сертификаттау ұйымы.

Жұмыскерлердің құқықтары



Біз жұмыс орнындағы өзара тіл табысу ортасын, қауіпсіздік пен кәсіпқойлықты қолдаймыз. Жұмыскерлерді жұмысқа алу және мансаптарына байланысты шешімдерді олардың кәсіби мүмкіндіктерін және жетістіктерін ескере отырып қабылдаймыз. Қызметкерлердің бізде жұмыс істеуі немесе қызмет сатысында жылжуы, олардың жас ерекшеліктеріне, жүктілігіне немесе жас балаларының бар болуына, мүгедектік, этностық белгі, жынысы немесе жыныстық бағдар, діни сенім немесе өзге де жеке мінездемелері бойынша шектелмейді. Барлық жұмыскерлер жалпы нәтижеге өз үлесін қосуға бірдей мүмкіндікке ие және оларға жұмыстағы еңбегін ескере отырып сый беріледі.

Біз компаниядағы барлық жұмыскер өздерін жайлы сезінетін атмосферасын қалыптастыруға жағдай жасаймыз. Біздің барлығымызда әр түрлі қажеттілік, жұмыс стилі бар, біз сондай ерекшеліктерді саналы түрде ескеруіміз қажет, өйткені бұл инновациялар мен жұмыс процестерін жақсартуға тұрақты түрде ынталандырады.

Компаниядағы көзқарастар мен пікір әралуандығын қолдай отырып, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы белгілеген әлеуметтік серіктестік қағидаларын негізге ала отырып, кәсіподақпен өзара тығыз қарым-қатынас орнаттық. Біз кәсіподақ өкілдерімен, әсіресе жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бағдарламаларға қатысты ашық диалог жүргіземіз. Жұмыс беруші ретінде кәсіподақ ұйымдарына енген жұмыскерлердің құқықтарын және олардың кәсіподақ қызметін жүзеге асыруын құрметтейміз.



Біз айналадағыларға құрметпен қараймыз, ашушаң, қадір-қасиетті кемсітетін немесе қорлаушы жүріс-тұрысқа жол бермейміз. Сөзбен қорлау, қорқыту, сексуалды мағынадағы жағымсыз ұсыныстар, үрейлендіру – осының бәрі лайықсыз қылықтың мысалдары. Компанияда қолданылатын қағидалар мен ережелердің болжалды бұзылуы туралы адал ниетпен хабардар еткен жұмыскерге қарсы бағытталған қудалауға немесе кез келген формадағы қудалауға, қорқытуға жол берілмейді. Жұмыскер болжалды бұзушылық туралы мына тұлғаларға немесе бөлімшеге дереу хабарлауы тиіс:

- тікелей немесе жоғарыда тұрған басшы;
- бөлім бастығы;
- қызметкерлер құрамымен жұмыс істеу жөніндегі бөлім;

- заңгерлік бөлім
- заңнама мен ішкі рәсімдерді сақтау жөніндегі бөлім;
- ФМИ заңдылығы және адалдық мәселелері жөніндегі басты лауазымды тұлға.

Егер де жұмыскер жеке қатынастан қашқақтап жүрсе немесе оның хабарламасы құпиялы болып қалуын қаласа, ол оны компания арнайы бөлген электронды мекен жайға жібере алады немесе тәуелсіз жұмыс істейтін және құпия «жедел желі» -ні пайдалана алады.

Еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік пакет

Компанияның тағы бір артықшылығы - жұмыскерлердің қызметін мойындау және жеткен нәтижелері үшін сыйақы төлеу бағдарламалары.

Бүгін біз компаниямыздың жаңа міндетін өмірде іске асыру жолында тиімді өзгеру үшін, жеке өмірі мен жұмыс арасындағы теңгерімді сақтай отырып, жұмыскерлеріміздің табысты қызметке ұмтылуына жағдай жасауды көздейміз.

Еңбекақы төлеу жүйесін қалыптастыру барысында ең үздік және қабілетті кадрларды тартуға, жұмыскерлерді ынталандыруға және сақтап қалуға мүмкіндік беретін өтемақылық пакет беруге тырысамыз. Біз үнемі көптеген қазақстандық және халықаралық компаниялармен бірге еңбек нарығын зерттеуге қатысамыз және жұмыскерлерімізге Қазақстандағы басқа компаниялардың 75%-нан артық еңбекақы ұсынамыз.

Қазақстандағы компания жұмыскерлерге мынадай жеңілдік бағдарламаларын мен жәрдемақылар ұсынады:

- еңбекке жарамдылықты жоғалту және өте қауіпті ауруға шалдыққан жағдайлары үшін өмірді ерікті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ауыр дертке шалдыққан жағдайда қарастырылған шетелде емделуді қарастыратын «Маңызды артықшылық» ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы;
- жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- жүктілік және бала туу бойынша мемлекеттік әлеуметтік төлемдерге қосымша жәрдемақы;
- еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша мемлекеттік әлеуметтік төлемге қосымша жәрдемақы;
- тамақтану (субсидиялық) / тамақтануға қосымша төлем;
- жұмыскерлерді жұмысқа дейін және жұмыстан кейін тасымалдау;
- жұмыскердің түрлі өмірлік жағдайлары бойынша жәрдемақы (некеге тұру, бала туу, отбасы мүшелерінің қайтыс болуы);
- отбасы мүшелеріне жәрдемақы (балалар лагері; бала-бақшаға баратын балаларға; оқушылар мен мүгедек балаларға);
- мереке, еске алу күндеріне жәрдемақы (еңбек сіңірген жылдар, мерейтой күндері);
- шұғыл жағдайлардағы материалдық көмек және пайызсыз несие;
- жұмыстағы ерекше және белгілі жетістіктері үшін марапаттар.



Дарынды қызметкерлерді тарту және ұстап қалуға талпына отырып, компанияда оқу және жұмыс істеу үшін тамаша мүмкіндіктер ұсынамыз. Біздің қызметкерлердің білімі мен қабілетіне инвестиция салуымыз - біздің болашаққа инвестициялауымыз. Біздің корпоративтік мәдениетіміздің басты ерекшелігі – ағымдағы процестерді жақсарту мен жетілдіру үшін тұрақты іздену. Бұл қағидат қызметкерлерді оқыту процесіне де қолданылады.

Бағалау және ілгері жылжыту



Жыл басында жұмыскер мен басшы жұмыс мақсаттарын, олардың жетістік өлшемдерін және уақыт шеңберін үйлестіреді. Жыл бойы жұмыскер мен басшы кездесіп, мақсат-міндеттердің орындалу дәрежесін талқылайды, сондай-ақ қойылған міндеттерді түзете және толықтыра алады. Сонымен қатар, басшы орындалған жұмыстың нәтижесі бойынша жұмыскерге кері байланыс ұсынады. Жыл соңында қол жеткізген нәтижелер талқыланатын диалог болады, онда басшыдан жұмыскерге кері байланыс болса, солайша жұмыскерден басшыға беріледі. Басшы жұмыскерге жұмыстың нәтижесі бойынша баға береді, бұл келесі жылы жұмыскерді марапаттауға қатысты ескерілетін болады. Сондай-ақ компанияда жыл сайынғы «Дарындарды шолу» сессиясы өткізіледі: біз бірнеше жыл бойы жұмыскердің жұмыс тиімділігін талдаймыз және бұдан әрі мансаптық жылжытуын жоспарлаймыз.

Жұмыскерлердің пікірін ескеру

Біз өз қызметкерлерімізбен тиімді өзара байланыс және диалог құруды қолдаймыз және олардың компания жұмысына етене араласуын ынталандыруға ұмтыламыз. Жұмыскерлердің компания жұмысы туралы үміттерін және олардың пікірлерін анықтау үшін үнемі сәйкес сұрақ-жауап өткізіп тұрамыз. 2016 жылы осындай сұрақ-жауапқа қызметкерлердің 97%-ы қатысты. Бұл әрқайсысы дерлік компанияның мықты жағы және біз жақсартатын аспектілер туралы өз пікірімен бөлісе алғанын білдіреді. Сұрақ-жауаптың нәтижесі бойынша, 2016 жылы негізгі деп танылған салаларда тамаша нәтижелерге жеттік. Мынадай индекстердің: «жұмысқа етене араласу»

Дарындарды дамыту стратегиясы бизнесті дамыту стратегиясымен тығыз байланысты – ол бізге ертеңгі көшбасшыларды бүгін дайындауға мүмкіндік береді, түрлі деңгейде өкілдікті беру бірізділігін қамтамасыз етеді. Стратегия біз жұмыс істейтін барлық аймақта қолданылады және жұмыскерден бастап басшыға дейін барлық деңгейдегі жұмыскерлерді қамтиды таратылады. Кәсіби сараптаманы дамыту және кеңейту мақсатында түрлі бөлімшелер арасында қызметкерлер құрамының ішкі ауысуын белсенді пайдаланамыз. Халықаралық бизнестің бөлігі бола тұрып, ұйым қызметкерлерге шетелде жұмыс істеу, мультимәдениетті ортада іскери тәжірибе алуға мүмкіндік береді және кросс-функционалдық ауысымдар кәсіптік дамытудың ажырамас элементі болып табылады. Мысалы, **2016-2018 жылдар аралығында Қазақстаннан іріктелген 37 жұмыскер** ФМИ-дің басқа елдердегі компанияларына халықаралық лауазымдарға тағайындалды.

(91%), «компанияда даму» (89%), «әріптестер арасындағы серіктестік» (88%), «стратегияның келістілігі» (88%) жоғары деңгейі бекітілген.

Алынған сұрақ-жауаптардың қорытындысы бойынша жетілдіруі тиіс салаларды анықтадық: «сенім» (2013 жылғы 76% -бен салыстырғанда 79%), «мансап» (2013 жылғы 73% -бен салыстырғанда 79%) және «жаңашылдық» (2013 жылғы 72% -бен салыстырғанда 77%). Дегенмен, біздің мақсатымыз қызметкерлердің барынша тартылуына және ішкі процестерді жеңілдетуге ықпал ететін осындай жұмыс істеу ортасын бұдан әрі жақсарту және қолдау болып табылады.

INKOMPASS тағылымдамалар бағдарламасы

Компанияда студенттердің мамандықтарына қарамастан компанияның түрлі бөлімшелерінде практикадан өту мүмкіндігін беретін INKOMPASS тағылымдама бағдарламасы табысты жұмыс істейді. Бағдарлама конкурсында ағылшын тілін еркін білетін 3-курс студенттері, яки магистратураның 1 курстары қатыса алады.

Тағылымдама студенттер үшін практикада өз білімдерін тексеруге, құнды тәжірибе алуға, компанияның құрылымымен және бизнес-процестерімен танысуға, сондай-ақ өзін әлеуетті жұмыскер ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. 2018 жылы біз 6 адамды тағылымдамаға қабылдадық және барлығы жұмысқа тұру туралы ұсыныс алды.

Жұмыскерлердің денсаулығы мен әл-ауқаты

Қызметкерлеріміздің жұмыс орнында, кеңседен тыс жердегі денсаулығы мен амандығы біз үнемі ұмтылатын ұйым мен саланың ажырамас бөлігі. Компанияда төрт басты саладан тұратын «BalancedYou» бағдарламасы жұмыс істейді:

- аурулардың алдын алу;
- физикалық әрекет;
- дұрыс тамақтану;
- күйзелісті басқару және жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерім.

Аурулардың алдын алу мақсатында тұрақты негізде жұмыскерлермен сұхбат жүргізу үшін

медициналық мамандар шақыртамыз, жыл сайын алдын ала тексеру жұмыстарын жүргіземіз, сонымен қатар санаторлық-шипажай еміне жәрдемақы ұсынамыз.

Біздің жұмыскерлер арасындағы физикалық белсенділікті кеңінен дәріптеуге **фабрика аймағында тренажер залы**, түрлі спорт секцияларына қатысу үшін жәрдемақының болуы үлесін қосады. «Сауатты тамақтану» бағдарламасы аясында фабрика асханасында жұмыскерлерге **жаңа сығылған шырындар мен диеталық мәзір** бар. Сондай-ақ, жұмыскерлер жалықтыратын жұмыстан бой жазуға, күйзелісті басқару және жұмыс пен жеке өмір арасында теңгерімді ұстап тұруды үйренуге бағытталған шаралар өткіземіз.

Balanced
You.



ДЕНСАУЛЫҚ
ПРОФИЛАКТИКАСЫ



ҚОЗҒАЛЫС



ТАМАҚТАНУ



ТЕҢГЕРІМ

Қоршаған ортаны қорғау



Компаниямыздың қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиясының екі басты бағыты бар:

- 1) қоршаған ортаға көмірқышқыл газ шығарындыларын азайту есебінен және суды пайдалану, бөлек жинау және мамандандырылған компанияларға қалдықтарды қайта өңдеуге тапсыру және компанияның қоршаған ортаға тигізетін әсерінің төмендеуі бойынша басқа да бастамалар есебінен қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайту;
- 2) климаттың өзгеруі және су тапшылығы сияқты шиеленіскен экологиялық мәселелерді ескере отырып бизнес жүргізу. Қызметіміздің әлеуетті әсерін бағалау үшін өнім өндірісі мен дистрибуциясының барлық кезеңдеріндегі қауіп-қатер көрсеткішін анықтаймыз. Сол бағалаудың қорытындыларын ескере отырып, экологиялық менеджмент және климаттық өзгерістерге бейімделу саласында стратегия әзірлейміз.

Қазақстанда ФМИ-дың жаһандық стратегиясын жүзеге асыру үшін мына міндеттерді жүзеге асырамыз:

- қоршаған ортаны қорғауды басқарудың тиімді жүйесін дамыту;
- энергия ресурстарын тиімді пайдалану;
- суды тұтыну тиімділігін жоғарылату;
- қалдықтарды басқару;
- қоршаған ортаны қорғау саласында біздің ұйымның мәдениетін жоғарлату.

Компанияда экологиялық менеджменттің ішкі жүйесі бар. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару біздің қызметіміздің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады.

2003 жылдан бастап ISO14001 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесінің ерікті сертификаттауын өткіземіз. Бұл қауіп-қатер деңгейін бағалайды, барлық стандарттық операция-

ларға арналған рәсімдер әзірлеуді, мақсатты көрсеткіштерді анықтау және оларды тұрақты жақсарту үшін бастама енгізуді болжайды.

Компания басшылығы қоршаған орта мен қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғауға қатысты ережелер мен қағидаларды үнемі әзірлеп, бекітіп отырады.

Қалдықтарды азайту, қоршаған ортаға әсерін төмендету мен басқару, анықтау үшін су мен энергия ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі команда құрамына енген қызметкерлерді оқыту тұрақты негізде жүргізіледі. Барлық қызметкерлердің хабардар болуын жоғарылату және тұрақты даму қағидаларын дамыту мақсатында жыл сайын ішкі корпоративтік эко-компанияларды жүзеге асырамыз.

Энергиялық ресурстарды тиімді пайдалану және шығарындыларды азайту


Қазақстандағы өндірістік қызметіміздің салдарынан парниктік газ шығарындыларының азаюы – ФМИ жүзеге асыратын өзекті стратегияның бөлігі. 2010 жылы компания атмосфераға CO₂ шығарындыларының 2015 жылы 20 пайызға және 2030 жылы 30 пайызға қысқартылуы бойынша жаһандық деңгейде өршіл мақсаттар қойды. Қазақстандағы фабрика 2015 жылы өз мақсаттарына ойдағыдай жетті және де қазіргі таңда CO₂ шығарындыларының азаюына бағытталған жаңа бастамаларды жүзеге асыру үстінде.

Қазақстанда бір ғана 2017 жылдың ішінде CO₂ шығарындыларын айтарлықтай қысқартуға көмектескен бастамаларды жүзеге асырдық:

- Алматы облысындағы фабрика дизельді жанармайды ойдағыдай алмастырған табиғи газдың орталық желісіне қосылған болатын, оның нәтижесінде CO₂ шығарындылары 760 тоннаға қысқартылды.
- Технологиялық жабдықтардың қозғалтқышына жиілік түрлендіргіші орнатылған болатын; жаңа жарық беру жүйесі және сығылған ауа сығымдағышы орнатылған; сығылған ауаның орталық желісінде қысым белсенді болады, бұл жылдық қуат тұтынуды 392 800 кВтч немесе CO₂ 202 тоннаға қысқартты.

Тұрақты мониторинг, энергия ресурстарын тұтыну бойынша талдау жүргіземіз және энергиялық тиімділігін жоғарылату жөнінде жобалар мен бастамаларды енгіземіз. 2015 жылы компания ISO14001 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесінің ерікті сертификаттауынан ойдағыдай өтті.

ӨНДІРІСТЕГІ CO₂ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, ТОННА





Фабрикамен қатар, қоршаған ортаға шығарындыларды азайтуда 170-тен астам корпоративтік жеңіл көлік паркі өз үлесін қосады.

Парниктік газ шығарындыларының азаюы бойынша мақсатқа жету мынадай бастамалар арқылы жүзеге асырылады:

- Корпоративтік автопаркте жанармайды тұтыну төмендетілген және пайдаланылған газдағы зиян заттары төмен транспорттық құралдармен үнемі жаңартып тұру;

- Жанармай шығынын төмендетуге ықпал ететін жүргізудің «экологиялық» стилін⁶ дәріптеу;
- Корпоративтік жеңіл автокөліктерге электр жылытқышы бар жел әйнегін орнату, бұл қысқы мерзімде автокөлікті жылытуға уақыттың қысқартылуына айтарлықтай көмектеседі. Осы жоба 2017 жылы жүзеге асырылған болатын.

⁶ Эко-жүргізу — бұл жанармайды тұтыну және CO₂ шығарындыларының барынша төмен деңгейіне жетуге ықпал ететін ережелер жинағы. Эко-жүргізудің басты ережелері: жылдамдықты аздап-аздап қосу, тоқтау және кептеліс барысында қозғалтқышты сөндіру, шиналардағы қысымды тұрақты бақылау, автокөліктегі климат-бақылау жүйесін ұқыпты пайдалану, бір қалыпты тежеу, бір қатардағы қозғалыс.

Қалдықтарды басқару


Қалдықтарды азайтуға бағытталған процестерді бірте-бірте жақсартамыз, оларды қайталап пайдалану және жетілдіру жолдарын үнемі іздестіреміз.



Біздің үздік тәжірибе:

- әр өндірістік бөлімше үшін қалдық шығару мен дұрыс бөлу мақсаттарын қадағалау мен бекітуді қамтитын қалдықтарды басқару жөніндегі тиімді бағдарлама;
- барлық өндірістік бөлімшелердің өкілдерімен қалдықтарды азайту бойынша тұрақты жұмыс;
- қалдықтарды ең жақсы қайта өңдеу мен қайта пайдаланылуын немесе жылуды рекуперациялау арқылы қалдықтарды өртей алатын қайта өңдеу компанияларын тұрақты іздеп тұру;
- осы бағдарламаға жұмыскерлерді тарту үшін түрлі промо-компаниялар қамтиды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФАБРИКАНЫҢ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ КӨРСЕТКІШТЕРІ, %



88,6%

2017 жылы Қазақстандағы фабрикада түзілген барлық қалдықтардың 88,6%-ы қайта өңдеуге жіберілді.

«Жасыл кеңсе»



Біз қоршаған ортаға, сонымен қатар, кеңсе жұмысына деген ұқыпты қарым-қатынасты тиімді жетілдіруге ұмтыламыз. Компанияда су мен электр қуатын үнемдеуде заманауи технологиялар: сенсорлы крандар, жарықдиодты шамдар және қызу шамының көмегінсіз жарық беру, А санатты және одан жоғары кеңседегі ас үйіне арналған кәсіптік техникасы пайдаланылады. Қағаз құжаттарды жою үшін блоктарға нығыздап, ұсақталған материалдарды екінші мәрте қайта өңдеуге беретін компаниялармен келісімшарт жасалған.

Компанияда мына жобалар табысты болды:

- кеңселік жайларда пластик ыдыстар мен пластик ыдыстағы судың орнына тек керамикалық ыдыс-аяқ пен суды сүзу жүйесі ғана пайдаланылады;
- дербес принтерлерден бас тарту және екіжақты, көбінесе ақ-қара басып шығару енгізілген;
- қоқысты бөліп жинау – біздің кеңседе ҚТҚ,

пластик, құпия емес құжаттамалар, батареялар және аккумуляторларды бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылған;

- кеңсе техникасының жұмысы реттелген – он минуттан кейін бос тұрған көшіргіштер, теледидарлар, дербес компьютерлер «ұйқылы» қуат үнемдеуші режимге ауысады;
- компания қызметкерлеріне арналған вело тұрақтар ұйымдастырылған;
- кеңсе жайларда жарықты реттеу үшін қозғалыс сенсорлары орнатылған.

2018 жылдың екінші жартысында және 2019 жылы жұмыс мына бағыттарда жүргізілетін болады:

- бұдан әрі электронды құжат айналымын енгізу;
- фабрика кеңселерінде қазандықтар жұмысының басқару жүйесін және желдеткішті басқару жүйесін жетілдіру, бұл қуат тұтынуды азайтуға көмектеседі.

Экология саласындағы мәдениет



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы технологиялық процестер мен көрсеткіштерді жақсарту қызметкерлеріміздің компания мақсаты мен ұстанымынан қаншалықты хабардар екеніне байланысты. Жыл сайын қызметкерлердің табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану қағидалары туралы ақпараттандырылуына бағытталған түрлі экологиялық кампаниялар өткіземіз, мысалы:

- «қуат патрульдері» және жоспарлы инспекциялар;
- визуалды материалдар тарату;
- байқаулар, викториналар және жиналыстар.

Әр жұмыскер инновациялық идея жинақтау жөніндегі корпоративтік платформаға өз ұсынысын жіберіп, компаниядағы қоршаған ортаны қорғау бағдарламасына өз үлесін қоса алады. 2017 жылы 15 идея ойдағыдай жүзеге асырылды.



Еңбек қауіпсіздігі

Жұмыс барысында араласатын жұмыскерлер, мердігерлер, келушілер мен өзге де тұлғаларға қауіпсіз және сенімді еңбек жағдайларын ұсынамыз. Компания басшылығы еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық және корпоративтік талаптарға сәйкес бизнес-процесін қамтамасыз етеді.

Ол үшін компанияда:

- еңбекті қорғау саласында стратегия мен жоспарларды әзірлеу және тұрақты қайта қарау;
- жұмысшы денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпті анықтау және қадағалау үшін қауіпті бағалау;
- жұмыскерлерді еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және ақпараттандыру;
- еңбекті қорғау мәселелері біздің қызметтің ажырамас бөлігін құрайтын корпоративтік мәдениеттің өсуі;
- болашақта сондай оқиғалардың қайталануын болдырмау жөнінде шара қолдану мақсатында тексеріс жүргізу;
- еңбекті қорғау саласында міндеттерді орындау бойынша мониторинг және есептілік жүзеге асырылады.

Компаниядағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі барлық өндірістік процестерде біріктірілген және 2010 жылдан бастап OHSAS18000 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес тұрақты сертификатталады. Еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы

ішкі қағидалар мен практикалар компанияның барлық өндірістік алаңдары мен кеңселерінде корпоративтік тәртіп қағидаларын орындау үшін міндетті болып табылады.

Компанияның еңбекті қорғау саласындағы басты мақсаттары:

- өндірістік процестердің техникалық жабдықтауының заманауи деңгейіне жету есебінен жұмыскерлердің жарақатының алдын алу және дені сау болуын қамтамасыз ететін еңбектің қауіпсіз жағдайын құру;
- барлық қайғылы жағдайлар мен экологиялық оқиғаларды жою қағидасына негізделген өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін дамыту.
- 2012 жылы ФМИ өндірістік жарақат алу қауіптілігінің азаюына, жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға және қауіпсіздік мәдениетін жоғарылатуға бағытталған Mission Zero («жұмыс орнында жарақат жоқ») тұжырымдамасын іске асыруды бастайтынын жариялады.

Біздің қауіпсіздік қағидаларымыз:

- Қауіпсіздік — бұл құндылық.
- Әр оқиғаны алдын алуға болатынына сенеміз.
- Қауіпсіздік — бұл ортақ жауапкершілік.
- Біз қызметкерлеріміздің барлық жерде – жұмыста да, үйде де өзін үнемі қауіпсіз сезінуін қалаймыз.

«Mission Zero» тұжырымдамасы еңбекті қорғаудың барлық аспектілерін біріктіреді:

Жұмыс орнында жұмыскерлердің қауіпсіздігін жоғарылатуға арналған жабдықтарды орнату немесе түрлендіру алдында, қауіптілік бағасынан бастап бұрынғы процестер мен жабдықтарды жетілдіру бойынша инженерлік-техникалық шешімдерге дейін тиімді база құрдық;

- Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарына сәйкес келеді, бұл басқару жүйесінің сыртқы аудит нәтижелерімен расталған;
- «Қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық» бағдарламасының аясында желілік менеджмент үшін оқыту жүргізіледі;
- «Жұмыс орнында қауіпсіздікті басқару» бағдарламасы арқылы біздің ұйымның қауіпсіздік мәдениетін дамытуды жалғастырамыз.


Біз Mission Zero тұжырымдамасы шеңберінде әр түрлі бағдарламаларды енгізіп, бұлар әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қатыстыруға бағытталады. Өзіміз жасаған қызметкерлердің еңбекті қорғау бағдарламасына қатысу сапасын бағалау құралы жұмыс орнында қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға өндірістік қызметкерлердің 100 пайызы атсалысқанын көрсетеді.

Бағдарламаларымыз аясында мыналарды жүзеге асырамыз:

- Қауіп-қатерлерді бағалау;
- Еңбекті қорғау мәселелері жөнінде ақпараттандыру үшін қызметкерлермен кездесу;
- Оқиғаны/уақиғаны тексеру;
- Жоспарлы инспекция;
- 2015 жылы Қазақстандағы өндірістік орталық қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін ФМИ марапатына ие болды (PMI Safety OPEN Award)

Mission Zero тұжырымдамасының әрекеті өндірістік алаңдармен қатар, корпоративтік автопаркте де қамтиды. Қауіпсіз жүргізуді тұрақты оқыту автокөлік жүргізушілері үшін Қазақстанның барлық аймақтарында жүргізіледі. Осы оқыту практикалық оқыту, тақырыптық семинарлар, үздік практикалармен алмасуға саяды. Қызметкерлердің хабардар етілуін қамтамасыз ету жөнінде қолданылған барлық шаралар апаттық көрсеткіштерін 2016 жылғымен салыстырғанда 2017 жылы миллион шақырымға айтарлықтай төмендетті.

МИЛЛИОН ШАҚЫРЫМҒА АПАТТАР САНЫ



Қайырымдылық бағдарламалары

Филип Моррис Интернэшнл өзінің қайырымдылық бағдарламаларын әлемнің 60 елінде елу жылдан астам уақыт бойы жүзеге асырып келеді.

Компанияның қайырымдылық бағдарламалары Қазақстанда алдымен мынадай әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады:

- Білім алудың баршаға қолжетімді болуы;
- Ауылды жердегі және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін экономикалық мүмкіндік ұсыну.

Бірнеше жыл бұрын компания жаһандық деңгейде де, Қазақстанда да адамдардың жаңа дағдыны игеруге және оларды өз өмірін жақсарту үшін қолдану мүмкіндігін ұсынуға бағытталған ұзақ мерзімді жобаларға бағдарланған қайырымдылық саласындағы жаңа стратегиялық тәсілдемесін таңдап алған.

Бұл тәсілдеме 2015 жылы БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарымен үндес және біз бизнес жүргізетін елдердегі адамдардың өмір сүру деңгейіне әсер ететін маңызды мәселелерді шешумен байланысты.

Қайырымдылық жобаларымыз бен бағдарламаларымыз коммерциялық емес ұйымдармен тиімді серіктестікте жүзеге асырылады және кең қоғамдық танымға ие. Әр жылдарда жобалар ҚР Дін және азаматтық қоғам істері жөніндегі министрлігі, Алматы облысы әкімдігі, Қазақстанның Еуропалық бизнес Бірлестігі, Қазақстандағы Америка сауда палатасының марапаттарын алған.

2018 жылы «Әлеуметтік-экономикалық даму» номинациясында The International CSR Excellence Awards алғашқы халықаралық марапаты алынды. 1994 жылы құрылған Халықаралық The Green Organization коммерциялық емес ұйымы марапаттады.



2018 WINNER



2017 жылы компанияның Қазақстанда қайырымдылыққа бөлінген бюджеті 192 млн. астам теңгені құрады.

Ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасы



2011 жылдан бері біз коммерциялық емес «Еңбекшіқазақ ауданы жергілікті қауымдастықтар қоры» ҚҚ ұйымымен бірлесе ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламаларын жүзеге асырып келеміз. Бағдарлама Алматы облысы Шелек ауылындағы Агробизнес орталығының негізінде көкөніс өсірудің заманауи әдістеріне, сондай-ақ, логистика және сату маркетингінің негіздерін оқыту арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Орталық заманауи мәжіліс залымен, компьютерлік класс, топырақ сапасын бағалау үшін шағын зертхана және көрсеткіш учаскілермен жабдықталған. Ауыл жерінде шағын зертхананың болуы өсімдіктің құнарлы элементтерін жеткілікті игеруінің бар-жоғын тексеруге, топырақ элементтерін жедел түрде талдауға мүмкіндік береді. Агробизнес орталығында фермерлер ауыл шаруашылықты дамыту жөнінде практикалық білім ала алады және ауыл шаруашылық өсімдіктерін өсірудің озық технологиялары, еңбек өнімділігін жоғарылату, кәсіпкерлік дағдысын дамыту, ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу, агромаркетинг, қаржыландыру құралдары сияқты бағыттар бойынша

білім алады.

Осы орталықтың ерекшелігі фермерге оқу мен консалтингтен бастап, бизнес жобаларды жасау және оларды қаржыландыруға көмектесуге дейінгі толық циклды ұсынады.

Агробизнес орталығының аймағында тамшылап суару, төмен тунельді аркалы жылыжайлар, қара таспаны (мульча) пайдалану сияқты және де көкөністердің жоғары өнімді сұрпын өсіруде жаңа технологияларды қолданатын көрсеткіш алаңдары бар. Осының бәрі аудан фермерлері кез келген кезде Агробизнес орталығына келіп, ұсынылған әдістердің қолданылуын өз көзімен көріп, қызықтыратын ақпаратты алып, өз учаскісінде осы технологияларды пайдалану үшін жасалады.

Инновацияларды қолданудағы өзіндік тәсілдерде (гидропоникадағы жылыжай, тамшылап суаруда электронды түтік жүйесі арқылы судың берілуін қадағалау және т.б.) жоғары технологиялық және қымбат жабдықтарды пайдаланудан бас тарттық, өйткені барлық тәсілдер мен практикалар көп шығын мен инвестиция жұмсамай-ақ фермердің учаскесінде қолдану мүмкіндігі деген негізгі қағидаға сәйкес келуі тиіс. Бағдарлама қымбат жабдықтардың орнына технологиялар мен білім беруді ұтымды санайды.



«Еңбекшіқазақ ауданы жергілікті қауымдастықтар қоры» ҚҚ

Елшібаева Бақытгүл Казебайқызы
Атқарушы директор

«Компаниямен серіктес болу қорға ауыл тұрғындарының әулетін дамыту бойынша міндеттерді практикада жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Біздің оқыту шараларымыз, Агробизнес орталығындағы көрсеткіш алаңы, фермерлік шаруашылықтағы далаларда заманауи технологияларды енгізу соңғы бір мақсатқа ие – адамзаттың дамуына негіз қалау, өмірдің барлық аспектілеріндегі прогресс үшін мүмкіндіктер ашу».

Агробизнес орталығының қосалқы міндеті – «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда өзара қарым-қатынас жасау. Алматы облысының географиялық орталығында орналасатын Агробизнес орталығы мемлекеттік бағдарламаның әлеуетті қатысушы- фермерлерді тартуға арналған алаңдардың бірі болуы мүмкін және де орындалатын жобалардың мониторингі мен сапасын бақылау бойынша қызметтерді ұсына алады.

Жоба шеңберінде 2014 жылдың жазында Алматы облысының аграрлық секторындағы қолданылатын тәжірибелер, сондай-ақ ауыл ауылдық өндірушілердің жетістіктері мен қиындықтары мұқият талдаудан өткізілді. Зерттеу ауыл шаруашылық өнімдерінің экономика, агрономия мен маркетинг салаларындағы шетел (Флорида, АҚШ, университетінің профессорлары - ауыл шаруашылығында жаңашыл технологиялар мен үздік практика бойынша озық халықаралық ЖОО) және қазақстандық сарапшылардың бірлескен тобымен жүргізілді.

Бұл тәсілдеме серіктестікке аса жоғары нәтижеге жетуге кепіл болып, сондай-ақ қазақстандық мәдениеті, ділі мен климат жағдайлары сияқты талаптарын ескере отырып, озық халықаралық тәжірибені бейімдеуді кепілдендіруге мүмкіндік береді. Фермерлік шаруашылығын, көкөністер мен жемістерді уақытша сақтау қоймаларын, ірі супермаркеттерді, ықтимал өткізу нарықтарын көріп, және елдің озық агрономдарымен кездесіп, сарапшылар өнімділіктің жоғары табыстылығына жету үшін фермерлерге су тапшылығы жағдайында суарудың балама әдісін пайдалану, қорғалған топырақтың басқа да технологияларын және жылыжайларды пайдалану есебімен ауыл шаруашылық мезгілін ұлғайту, көшеттердің жаңа түрлерін өсіру, жеміс-көкөніс мәдениетін сақтау және өңдеу, ең бастысы – маркетинг және өткізу стратегиясын оқыту сияқты негізгі бағыттар бойынша қарым-қатынас жасауды көрсету қажет деген шешімге келді. Осы барлық ұсынылған әдістер фермерлермен бірлесе кейінгі ауылшаруашылық мезгілде жергілікті жағдайларда іс-тәжірибеден өткізілген.

2016 жылдың соңында «Көкөніс шаруашылық негіздері» әдістемелік құралы жарияланған. Құрал Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті және Флорида университетімен серіктесіп, зерттеу командасының практикалық нәтижесіне негізделген, ауыл шаруашылығының агрономия және экономика бойынша оқыту модулінен тұрады. Құрал Агробизнес орталығының тыңдармандарына және де қызығушылық танытқан «Атамекен» ҰКП әрекеттесу барысындағы еліміздің күллі жерінде мемлекеттік мекемелер мен ресурстық орталықтар арасында таратылды.

2017 жылдың екінші жартысында бағдарлама шеңберінде «Шелек фермерлері» өндірістік ауылшаруашылық кооперативі ресми түрде тіркелген. Кооператив «Арзан» және METPO супермаркеттер желілеріне өз өнімдерін жеткізетін 26 ұсақ фермерлік шаруашылықтан тұрады. Осы компонент, өндірушіден тұтынушыға дейін өнімді жеткізу тізбегінен көптеген алыпсатарларды алып тастап, фермер үшін өркениетті өткізу нарығына қол жеткізудің жүйелі тәсілдемесін қамтамасыз етеді.

НӘТИЖЕЛЕР:



996 адам

Көкөніс шаруашылық негіздеріне оқытылды



552 адам

ауылда бизнес жүргізу негіздеріне оқытылды



322 адам

Компьютерлік сауаттылық және бухгалтерлік есеп негіздеріне оқытылды



368 тонна

Ауылшаруашылық өнімдері ірі супермаркеттерге өткізілді

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсету

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу мен оңалту – заманауи қоғамның ең шұғыл мәселелерінің бірі. 2015 жылы Қазақстан БҰҰ-ның мүгедектер құқықтары туралы конвенциясына қосылды. Осы конвенцияны бекіту парадигманың ауысуын білдіреді: мүгедектігі бар тұлғаның әлеуметтік қорғауынан олардың құқықтарын мойындау және тең жағдайлар жасау.

Біздің компания ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырудағы мемлекеттік мақсаттарды қолдай отырып, оларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған жобаларды қаржыландырады. Әлеуметтік оңалтудың негізі — оларды кәсіби дағдыға оқыту және қоғам өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік беру.

Біздің жоба 2010 жылы басталған болатын және ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды түрлі мамандықтарға оқытуға бағытталған, бұл біріншіден, азаматтардың осы санатына еңбек нарығында бәсекелі болуға, өздерінің әл-ауқатын арттыруға және қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізуге мүмкіндік береді, ал екіншіден, олардың қоғамға араласуына жағдай жасайды.

Жоба аясында кәсіпке оқыту бойынша бағдарламалар жүзеге асырылады: тігінші, шаштараз, саңырауқұлақ өсіруші, наубайшы, маникюр маманы, аяқ-киім жөндейтін маман, сондай-ақ 2016 жылдан бастап компьютерлік сауаттылық бойынша оқыту жүргізіледі. Кәсіптік оқытуға қосымша білім алушылар арасында ақпарат және тәжірибемен алмасу мақсатында қосымша шағын бизнесті дамыту мектептері мен клубтар ұйымдастырылды.

Өмірдің маңызды факторы - кез келген өндірілетін өнім жоғары сапалы болуы үшін қол жетімді баға және әлеуетті сатып алушылар сұранысының болуы. Ендеше осы жағдайларды оқыту курстың ажырамас бөлігі ретінде ойластырылған маркетингтік компонент қосылды.

Жобаны сегіз жыл бойы іске асыруда ерекше қажеттіліктері бар 240 адам оқуды ойдағыдай аяқтап шықты. Қазіргі таңда олар өздерінің кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамыту үстінде, қоғамға етене араласқан және жұмысқа қажетті ынталандыру мен дағдылары қалыптасқан.



«Прогресс» Политехникалық колледжі» мекемесі

Телпекбаева
Жанна Тілеубекқызы
Директор

«Соңғы жылдары ерекше қажеттіліктері бар адамдардың шексіз әлеуетін пайдалана отырып, олардың қоғамдық өмірге жаппай қосылуы жағымды беталыс екені анық байқалады. Бағдарламаның арқасында 240 адамды оқыта алдық, бүгінде олар лайықты өмір сүруге, еңбек етіп және алған білімдерін аймақтың пайдасына қолдануда».



НӘТИЖЕЛЕР:

240 адам
оқудан өтті

70 адам
жұмысқа орналастырылды

57 адам
жеке кәсіпкер атанды

Ауылдық жерлердегі білім беру жобалары

Балаларға білім беру орталығы



Балаларды мәдениетті және қоғамдық өмірге баулу мақсатында 2010 жылы Еңбекшіқазақ ауданындағы Малыбай ауылында балаларға арналған қоғамдық орталық аштық. Орталық жергілікті мектеп негізінде жұмыс істейді, қазіргі таңда бұл барлық қажетті құралдармен жабдықталған, балаларға арналған білім беру-ойын-сауықтыру шараларын өткізуге арналған

алаң. Орталықта компьютерлік дағдыларды жақсарту бағдарламалары, ағылшын, қазақ тілдері курстары және қолөнер қабілетін дамыту, сурет пен ән-күй үйірмелері өткізіледі. Орталық жақын жердегі ауылдардан шамамен 800 баланы қамтиды.



«Қарлығаш» әйелдердің білім және кеңес беру орталығы» ҚБ

Денисова Алла Павловна
Президент

«Балалық шақтан бақытты өмір сүруге құқылы кез келген тұрғынның ауылдың, мемлекеттің қамы үшін жүзеге асырған идеяларының нәтижелерін көріп, солар үшін қуану – бір бақыт. Осы жобаны Еңбекшіқазақ ауданында жүзеге асыру коммерциялық емес ұйымдардың, әлеуметтік жауапты бизнес пен мемлекеттің бірлескен күшінің жемісі болып табылады. Бұл ауылдағы білім беру жобаларының маңыздылығын түсіну артып, сондай-ақ өскелең ұрпақ үшін лайықты болашаққа үміт артады».

Кәсіби-техникалық білім беру



Ауылдық жерлерде жастардың өмір сапасын жақсарту және бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру мақсатында, 2010 жылдан бастап Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында аспазшы ісі, автомеханик, шаштараз сияқты кәсіптер бойынша жасөспірімдерді оқытамыз. Сонымен қатар, бағдарлама автокөліктердің техникалық қызмет көрсету бекеттері, сән салондары мен қоғамдық тамақтану ұйымдарында іс-тәжірибеден өтуін

қарастырады. Бұл компонент практикалық тәжірибе алуға, өзін маман ретінде көрсете білуге және тұрақты жұмысқа ұсыныс алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде 120-дан астам жасөспірім осындай оқудан өтті.

«Мектепке жол» әлеуметтік науқаны

Осы науқанның мақсаты - табысы аз және көпбалалы отбасы, жетім балалар және ата-ана қамқорынсыз қалған балалар қатарына жатқызылған оқушыларға көмек көрсету. Бағдарлама аясында дәптері бар мектеп портфелі, мектепке қажет кеңсе тауарлары мен басқа да қажетті құралдар алынады. Біз осы науқанды 2010 жылдан бері өткізіп келеміз және осы уақыт ішінде 900-ден астам бала атаулы көмек алды.



«Бизнес идеяларын дамыту» бағдарламасы

2017 жылы «Болашақ» әлеуметтік-азаматтық базис» қоғамдық ұйымымен бірге алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарындағы адамдарды кәсіпкерлік негіздерге оқыту басталды.

Конкурс негізінде және өз бизнесін ашу ынтасы мен идеясы бар 25 адам іріктелді. 6 ай бойы бизнес-жоспар жасау, бизнесті жүргізу негіздері, маркетинг және салық салу бойынша білім алды. Оқу аяқталысымен конкурс жүргізіледі, ондағы комиссия мүшелері – Іле ауданы әкімдігінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өкілдері - жеке бизнесті ашуға алдағы уақытта қаржылық қолдау көрсету үшін 3 үздік жобаны таңдайды.

2018 жылы ауаны тұрмыстық тазалау өндірісі, қуырылған балмұздақты дайындау, шығармашылық шеберхана құру сияқты жобалар жеңімпаз атанды. Конкурс жеңімпаздары – бастауыш кәсіпкерлерге мемлекеттік органдарда тіркелу және мемлекеттік бағдарламалар есебінен қосымша қаражат тартуға көмек көрсетіледі.



«Болашақ» әлеуметтік-азаматтық базисі» ҚБ

Абилова
Роза Михаил қызы
Құрылтайшы

«Компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің ойластырылған және жан-жақты екселген саясаты Іле ауданының әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарының өмірін жақсартуға көмектеседі, оларға қоғамда бейімделуге мүмкіндік береді. Біздің бірлескен жобаларымызға қатысқан адамдардың жетістіктеріне бүгін куәгер болғанымызға өте қуаныштымыз».

Тілдер орталығы

Жобаның басты мақсаты — табысы аз отбасылар және кірісі төмен деңгейдегі адамдардың балаларын қазақ және ағылшын тілдеріне оқыту.

Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту жөніндегі алғашқы «Табыс» орталығы Алматы облысының Іле ауданында 2007 жылы ашылды. Орталық компьютерлік проектор, жергілікті желі және ғаламторға шығу мүмкіндігімен жабдықталған.

Курстар тұрақты өткізіліп тұрады, олардың ұзақтығы 5 ай, екі деңгей бойынша (бастауыш және жалғастырушы) 60 академиялық сағатқа есептелген сабақ жүргізіледі. Жобаны жүзеге асыру барысында, 11 жылда, білім беру орталығын 1600 адам тәмамдады.



Ұлы Отан Соғысы ардагерлерін қолдау



2003 жылдан бастап «Болашақ» әлеуметтік-азаматтық базис» қоғамдық ұйымымен бірлесе отырып, Алматы облысының Іле ауданында тұратын Ұлы Отан Соғысы ардагерлерін қолдау жобасын жүзеге асырып келеміз.

Сол ардагерлердің арқасында бүгінде бейбіт заманда өмір сүріп отырмыз, олардың ерлігін бағалаймыз және ешқашан ұмытпаймыз, сонымен қатар Жеңіс күні ғана емес, жыл бойы ардагерлерге көмек көрсетіп, көңіл бөліп тұру қажет деп есептейміз.

Ардагерлердің қажеттіліктері мен мұқтаждықтары туралы біліп, оларға мүмкіндігімізше медициналық дәрі-дәрмектер, жеңіл арба, есту аппараттары мен азық-түлік қоржынын алып беруде көмек көрсетеміз. 9 мамыр күні компания еріктілерінің қатысуымен Іле ауданындағы барлық ардагерлерге кіріп шығамыз және оларды мерекелерімен құттықтап, атаулы көмек көрсетеміз.


Қызметкерлеріміздің қатысуымен өтетін жобалар



Біз қоғамға қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асыру жолымен ғана қолдау көрсетіп қоймай, сонымен қатар ҰОС ардагерлерін, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсету, қоқыс жинау және тамаша тауларымызда ағаш отырғызуға бағытталған волонтерлік бастамаларды ұйымдастырып тұрамыз.

Біздің жұмыскерлер қатысатын науқан шаралары дәстүрлі түрде ұлттық мерекелер қарсаңында өткізіледі. Компанияда қолдан бұйымдар жасайтын ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қатысуымен қайырымдылық жәрмеңкелер ұйымдастырылып тұрады. Жәрмеңкеге «Халықаралық Әлеуметтік Жобалар Бірлестігі» ҚБ, «Прогресс» политехникалық колледжі» мекемесі, «Қазақстандық «Жігер» қоғамдық мүгедектер бірлестігі» ҚБ қатысып тұрады.

Ұйымдар түскен қаражатты ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың тегін логопед, психолог және массаж қызметін алатын оңалту кабинеттерін қаржыландыруға және олардың еңбектеріне сыйақы төлеуге жұмсайды.



Біз «Жақсылық ағашы» бағдарламасы аясында қайырымдылық бастамаларын тұрақты өткізіп тұрамыз. Компанияда жұмыскерлер сыйлық дайындап беретін, табысы аз отбасылар мен көпбалалы отбасы балаларының және де қарттар үйіндегі егде адамдардың тілектері жазылған ашық хаттармен безендірілген сыйлықтар ағашы орнатылады.

Күз мезгілінде волонтерлік шаралар Іле-Алатау табиғи саябағында ағаш отырғызу және аймақты жинастыруға бағытталады, «Әлемді тазалай біл» атты ішкі корпоративтік бағдарлама сенбілік түрінде өткізіледі. Жыл сайын науқанға компаниямыздың жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелерінен құралған 100-ден астам адам қатысады.

«Филип Моррис Қазақстан» ЖШС

 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ІЛЕ АУДАНЫ,
ӨТЕГЕН БАТЫР АУЫЛЫ, ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ КӨШЕСІ, 90,
040700 ТЕЛ: +7 (727) 258 5656 ФАКС: +7 (727) 258 8889

